

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ТӘКЕЙ ЕСЕТОВ
АТЫНДАҒЫ №264 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №264
ИМЕНИ ТАКЕЯ ЕСЕТОВА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

«20» тамыз 2022 ж.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 293

Город Қызылорда

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия құру туралы

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 109 тармағына сәйкес (2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығының 7-тарау 122 – тармақшасын) 2022- 2023 оқу жылында білім алушыларға тамақтануды ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөнінде төмендегі құрамда комиссия мүшелері бекітілсін:

1. Б.С.Тумурзаев- комиссия төрағасы, мектеп-лицей директоры;
Мүшелері:
 2. Г.Ибрашева- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 3. С.Абдигалбаров- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 4. М.Аралбаев- қамқоршылық кеңес төрағасы;
 5. Ғ.Илькибаев- қамқоршылық кеңес мүшесі;
 6. У.Маденова –бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары;
 7. О.Жұмашұлы – ата-ана комитетінің төрағасы;
 8. М.Абдуллаева- әлеуметтік педагогі
 9. З.Абасилова-мектеп медбикесі
2. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш- технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлік пен

дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг жүргізілсін.

3. Білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы 264 мектеп-лицейінің №4 19.01.2022ж. келісім-шартына сәйкес ТОО «Оңдасын и К» Тілеубайқызы Раушанға» міндеттелсін, бұйрықпен таныстырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан айындағы №598 бұйрығының 109 тарамағына сәйкес , (2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығының 7- тарау 122-тармақшасын) жұмыс жасау және осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ибрашева мен әлеуметтік педагог М.Абдуллаеваға жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры



Б.С.Тумурзаев